



МЕРЕКЕ КҮНГІ МАРАПАТ



Облыста Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы мен Алғыс айту күні аталып өтті.

ҚХА ғимаратында облыс басшысы Асхат Шахаровтың қатысуымен «Бірлік пен келісім жолындағы 30 жыл» мемориалды тақтасының ашылуы өтті. Ашылу салтанатына этномәдени бірлестіктердің мүшелері, облыстық мәслихат депутаттары, облыстық қоғамдық кеңес және ішкі саясат басқармасының қызметкерлері қатысты. Өңір басшысы ескерткіш тақтаның ашылуымен құттықтап, мерекелік іс-шара еліміздің барлық аймағында өтіп жатқанын айтты.

— Бұл ескерткіш тақта еліміздегі барлық ұлт өкілдері және этномәдени бірлестіктерінің арасындағы достықты, ынтымақтастықты және бейбітшілікті дәріптейтін, біздің ортақ жетістіктеріміз бен құндылықтарымыздың символы ретінде тарихта қалатын болады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің бірлігі мен тұрақтылығын нығайтуда үлкен рөл атқарды. Ол татулық пен түсіністікті қалыптастыруда маңызды бастамалар көтеріп, елімізді жаңа биіктерге жетелеп келеді. Бұл мемориалды тақта — сол жолдағы біздің мақсатымызды айқын көрсететін маңызды қадам, — деді А.Шахаров.

Ашылу салтанатынан соң «Алғыс елдің бөріне» атты мерекелік іс-шара өтті. Облыс әкімі Асхат Шахаров ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді. Хатта Ассамблеяның ұлттық бірлікті нығайтуға, елдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға қосқан зор үлесі жайлы айтылды.

Облыс әкімі ақтөбеліктерді атаулы күнмен және Алғыс айту күнімен құттықтап, оның мейірімділіктің, бейбітшілік пен келісімнің символы екенін тілге тиек етті.

— Бүгінгі Қазақстан халқы

Ассамблеясының 30 жылдығымен тұспа-тұс келген көктемнің шуақты мерекесі Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке — өзара тілектестікті, жанашырлықты, қамқорлықты дәріптейтін, ризашылық пен мейірімнің, бейбітшілік пен келісімнің үлесім тапқан күні. Алғыс айту күні — қиын сәттерде бізді қолдағандарға жылы сөз айту ғана емес, сонымен бірге бейбітшілік пен келісімге деген адалдығымызды қайта дәлелдеуге мүмкіндік беретін ерекше сәт. Баршаңызға ынтымағы мен бірлігі жарасқан өңіріміздің нығайуына және өсіп-өркендеуіне, көркеюіне, тұрақты дамуына қосқан үлестеріңіз, сіңірген қажырлы еңбектеріңіз үшін алғысымды білдіремін. Әр отбасына амандық, бақ-береке және татулық тілеймін, — деді Асхат Шахаров.

Мерекелік іс-шарада облыс әкімі ассамблеяның қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан ардагерлерге Алғыс хаттар табыстады. Марапатталғандардың қатарында Хабиба Сарқұлова, Константин Цхай, Хасан Сагаев, Роза Балдығарина және Еркін Құрманбеков бар.

Сонымен қатар облыс әкімінің Алғыс хатымен Жұмысшы мамандықтары жылы аясында өтпүрлі салада қызмет ететін жұмысшылар марапатталды.

Іс-шара этномәдени бірлестік мүшелерінің қатысуымен мерекелік концертпен жалғасты. Концерт барысында көрермен өнердің, достық пен бірліктің нағыз көрінісіне куә болды.

Алғыс айту күніне арналған іс-шараның кезекті бөлімі «Қазақ халқына мың алғыс» стеласында өтті.

Салтанатты жиынға Ақтөбе қаласы әкімдігі, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері, қалалық мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес және үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері қатысып, ескерткішке гүл шоқтары қойды.

А.НАҒАШЫБАЙҚЫЗЫ.



Бұқаралық спорт

ҰСЫНЫС ҚОЛДАУ ТАБА МА?

Облыстағы бұқаралық спортты дамыту мәселелері талқыланған аппарат мәжілісінде денешынықтыру және спорт басқармасының басшысы Мейрамбек Махамбетов өңірдің әр ауданында бұқаралық спортты дамыту орталығын ашуды ұсынды.

— Орталық жұмысы спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға, спорттық жобаларды ілгерілетуге, салалық спартакиадаларды жаңғыртуға, мектеп және студенттер лигаларын өткізуге, сондай-ақ спорттық ұрбанистиканы дамытуға бағыттеледі. Әр ауданда осындай орталықтар құру спорт инфрақұрылымын жақсартып, спортпен шұғылданатындардың санын көбейтуге және мүмкіндігі шектеулі жандарды қоса алғанда, сапалы спорттық қызметтерге қол жеткізуге көмектеседі. Зейнеткерлік жастағы жандарға бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға да ерекше көңіл бөлінбек, бұл денсаулықты сақтап қана қоймай, аға буынның өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді, — деп түсіндірді Мейрамбек Махамбетов.

Басқарма басшысының айтуынша, бүгінде өңір халқының 43 пайызы, яғни 407 мың адам жүйелі түрде спортпен шұғылданады. Былтыр 2 971 спорттық іс-шара ұйымдастырылып, оған 394 мыңнан астам адам қатысқан.

Биыл Ақтөбеде кем дегенде 22 спорт түрін дамытатын мүгедектігі бар адамдарға арналған спорт кешенін ашу жоспарланып отыр, бұл халықтың осы санаты үшін спорттық іс-шаралардың қолжетімділігін едәуір арттырады.

Айта кетейік, биыл облыста 20 наурызға жоспарланған ұлттық спорт күніне орай қазақ күресі, са-

дақ ату, арқан тарту, асық ату және ләңгі тебуден жарыстар өтеді. Сондай-ақ 1 маусымда «Жүгіру марафонын» және еркін күрес спортын насихаттау бойынша «Wrestling Stars» жобасын өткізу жоспарланған. 16 тамызда — Спорт күні «Қажымұқан жолы» жобасы ұйымдастырылмақ. Қыркүйек айында Мөңке бидің 350 жылдығына орай аударыспақтан халықаралық турнир өтеді.

Облыс әкімі Бұқаралық спортты дамыту орталықтарын ашу идеясын пысықтауды тапсырды. Ол спорт жөніндегі кеңестің жұмысын күшейту және денешынықтырумен тұрақты айналыса бәлаларды, жастарды көбірек тарту қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ өңір басшысы паралимпиадалық спортты дамытудың және мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасаудың, олар үшін спорт кешенін ашудың маңызды екендігін сөз етті.

— Бұқаралық спортты дамыту — спорт нысандарын ашу ғана емес, халық арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру. Біз инфрақұрылымды жақсарту, мамандарды оқыту және барлық деңгейдегі спорттық бастамаларды қолдау бойынша жұмыс істеуіміз керек. Бұл бізге ұлт денсаулығын нығайтып қана қоймай, халықаралық аренадағы спорттық жетістіктер деңгейін арттыруға көмектеседі, — деді облыс әкімі.

М.ТАБЫН.



Интернет

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ 98,8 ПАЙЫЗЫ МОБИЛЬДІ ИНТЕРНЕТПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

Облыс әкімі Асхат Шахаровтың төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында облыс тұрғындарын сапалы интернетпен қамтамасыз ету мәселесі қаралды.

Облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Әсет Отарбаев қала мен ауылдық жерлерде, сондай-ақ республикалық жолдарда байланыс пен мобильді интернет сапасын жақсартуға бағытталған негізгі жұмыстар туралы баяндады.

Оның айтуынша, 2024 жылы облыс аумағында базалық станциялар жаңғыртылып, мобильді желінің қамту аймағы айтарлықтай кеңейтілді. Биыл 4G стандартымен 96 базалық станция орнатылып, жаңартылмақ ал 5G желісінің қамту аймағы 82 базалық станцияға дейін кеңейтілді. Бұл қала тұрғындары үшін интернет байланысының сапасы мен тұрақтылығын одан әрі арттырады.

Мобильді интернет облыстың 311 ауылдық елді мекенінің 261-ін қамтиды. Биыл жоспарланған 25 ауылдың төртеуіне, атап айтқанда, Талдысай (Алға ауданы), Байтақ (Қобда ауданы), Дүкен және Мамыр (Ырғыз ауданы) ауылдарына интернет желісі қосылды. Қалған ауылдарда жұмыстар жалғасып жатыр.

Халқы 100 адамнан аз 29 ауылда кең жолақты интернет қызметін қамтамасыз ету үшін спутниктік технологиялар қолданылады. Қазіргі уақытта 7 ауылға спутниктік арналар арқылы Wi-Fi қосылған. Осылайша, жыл соңына дейін ауыл тұрғындарын мобильді интернетпен қамту деңгейі 98,8 пайызға жетеді.

Республикалық маңызы бар жолдарда мобильді байланысты қамта-

масыз ету жұмыстары да қарқынды. Осы бағыттағы 17 нүктеде базалық станция салу үшін жобалық құжаттар әзірленіп жатыр. Бүгінде 10 нүктенің құжаттары сараптамадан өтіп, оң қорытынды алған. Қалған 7 жоба — мемлекеттік сараптамада. Наурыз айында 5 нүкте бойынша, сәуір айында Ырғыздағы 2 нүктенің қорытындысы дайын болады деп күтілуде. Бұл жобаларды жүзеге асыруға қаржы республикалық бюджеттен сәуір айында бөлінеді.

Облыс әкімі өңірдегі барлық тұрғынның интернет пен мобильді байланысқа қолжетімділігін қамтамасыз етудің маңызын атап өтті. Осыған байланысты ол цифрлық технологиялар басқармасына аудан әкімдерімен бірлесіп, «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында жоспарланған барлық жобаларды толық жүзеге асыруды тапсырды.

— Басты мақсат — қалада, ауылда, сонымен қатар елді мекендерді байланыстыратын тасжолдар бойында байланыс сапасын жақсарту, «Қолжетімді интернет» жобасы тек байланыс сапасын арттырып қана қоймай, сонымен қатар экономика, білім беру, денсаулық сақтау және басқа да салалардың дамуына жаңа мүмкіндіктер береді. Бұл өз кезегінде облыс тұрғындарының өмір сүру сапасына тікелей әсер етеді, — деді облыс әкімі.

А.ИЛИЯСҚЫЗЫ.

Алғыс айту күні

Қалалық мәдениет сарайы және қазақ зағиптар қоғамы, «Геолог», Қурайлы, Нокин мәдениет үйлерінің өнерпаздары ақтөбеліктерді Алғыс айту күнімен құттықтады. Олар адам көп шоғырланатын сауда орталықтарына барып, тұрғындарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Іс-шара «Нұрәулет» сауда орталығынан басталды. Алғыс керуенінің өнерпаздары мерекенің маңызын түсіндіріп, көпшілікке тәтті таратты.

ЖҮРЕКТЕРДІ ЖЫЛЫТҚАН КҮН



— «Шын жүректен» атты Алғыс керуені 28 ақпанда басталды. Ең алдымен Мәдениет үйінің өнерпаздары «Білім – инновация» мамандандырылған лицей-интернаты, «Атамекен-нан» нан комбинаты, №2 қалалық зауыт полиция бөлімі және жедел жәрдем станциясына барып, жұмысшыларға арнайы құттықтау хаттар мен естелік сыйлықтар үлестіріп, жанды дауыста ән шырқады. Содан соң қаламыздағы «Нұрәулет», «Алтай» сауда орталықтары мен «Анвар» гипермаркетіне арнайы барып, тұрғындарды атаулы мерекенің құттықтап қайттық. Алғыс айту — бірлік мерекесі. Сондықтан жыл сайын бұл мерекенің маңыздылығын ескең ұрпаққа ұғындырып, жастардың бойына ізгілік қасиеттерін сіңіргіміз келеді, — дейді қалалық мәдениет сарайының әдіскері Нұрғазиза Маратау.

Алғыс айту күнінде сауда орталықтарына жиналғандардың қарасы көп болды. Бірі азық-түлік қамымен жүрсе, бірі жақындарына сыйлық іздеп шыққан.

отырған жолаушылар өнерпаздардың өнерін ұялы телефонына түсіріп, жақындарына таратып та үлгеріп жатты.

«Қурайлы» мәдениет үйінің ұйымдастырушысы Гүлден Ермұхамбетованың айтуынша, биыл Алғыс айту күні ерекше форматта өткізілген.

— Мәдениет үйінің артистері Тұрғындар қалашығындағы базарға, «Анвар», «Дина» супермаркеттеріне барып, өннен іашу шашты. Банк қызметкерлерін де мерекемен құттықтап, арқашысына естелік сыйлықтар үлестірді. Биыл Алғыс айту күні Рамазан айымен тұспа-тұс келеді, бірақ, қала тұрғындарына ішінде құттықтау хаты бар дәм салынған сәмке мен мағнитті күнтізбе тараттық. Әншілердің орындауындағы әндер мен шағын сыйлықтар қала тұрғындарын бейжай қалдырмай, көтеріңкі көңіл күй сыйлағаны сөзсіз. Енді алдағы Наурыз мейрамында адам көп жиналатын алаңдарда мерекелік думан ұйымдастырып, тұрғындарға бауырсақ пен наурызкеже таратамыз, — дейді ұйымдастырушы.



— Алғыс айту күні жыл сайын елімізде кең көлемде аталып өтіледі. Бұл мереке бірлікке үндейді. Мейрам қарсаңында қаламызда Алғыс керуенінің өтетіндігін әлеуметтік желілерден естіп, білеміз едім. Мерекелік іс-шараға балаларымды ала келдім. Қос ұлым жергілікті өнерпаздардың өнеріне тәнті болды. Сауда орталығынан құр шықпай, жақындарыма пайдалы әрі бағасы қолжетімді сыйлық сатып алдым. Айтулы күнде жақындарыма ізгі ниетпен сыйлық сыйлаймын, — дейді қала тұрғыны Аспанбек Қабақов.

Содан соң Алғыс керуені адам көп шоғырланатын Орталық базар, Теміржол вокзалы, Ақтөбе халықаралық әуежайы мен Қарғалы тұрғын алабы, Есет батыр шағын ауданындағы «Анвар», «Дина» супермаркеттеріне барып, қала тұрғындарына сый-сияпат таратты.

Жиналғандар әншілермен бірге қосыла ән шырқап, көпшілікке таныс әуендерге би биледі. Тіпті рейстің келуін күтіп

Гүлден Ермұхамбетова бұл іс-шараның Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылғанын айтады. Жиналғандар арасында ұлттық киім киген Мәдениет үйі өнерпаздарының өнеріне ерекше риза болып, алғысын білдіргендер көп болды.

— Осы сәтті пайдаланып бауырларым мен достарымды Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын. Әр шаңыраққа құт-береке тілеймін. Атаулы күнде адамдарға мерекелік көңіл күй сыйлаған әншілерге ризашылығым шексіз. Әрбір адамды жылы сөзбен, әсем әнмен демеп, алғысқа бөлеудің өзі зор бақыт, — дейді әскери қызметкер Серік Әбіш.

Іс-шара «Мега Шығыс», Жарық ауылындағы көтерме сауда базары мен Кеңес Нокин көшесіндегі ірі сауда орталықтарында жалғасты. Қала тұрғындарына көтеріңкі көңіл күй сыйлаған бұл үрдіс келер жылы да жалғасын табады.

Ақмарал МҰҚАШЕВА.